



БҰЙРЫҚ

04 қыркүйек 2026 жыл

ПРИКАЗ

№ 101

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс қызмет құру туралы**

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы Үлгілік ережеге сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Колледж бойынша колледж қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлық туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құрылсын және төмендегі құраммен бекітілсін:
-Липатова Елена Бейсенкалиевна, ОӘБ әдіскері – комплаенс қызметінің жетекшісі;
-Албергенова Арайлым Бекзатқызы, педагог-психолог – комплаенс қызметінің маманы.
2. Үлгілік ережеге сәйкес, «Бизнес және сервис жоғары колледжі» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жұмысы Қазақстан Республикасының заңнамасына және бекітілген Ережеге сай жүргізу қамтамасыз етілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуының бақылауын өзіме қалдырамын.
5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.
Негіздеме: Директордың ОТЖ жөніндегі орынбасары Л.Н. Иванованың қызметтік хаты.

Директор



Ж. Жунусова